

***М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ***

**Орындаған: Қылышбек Жанна
Сыздық Ақнұр**

№2 Дәріс
Тақырыбы:

Психологиялық кеңес беру

Психологиялық кеңес беру – оқу-тәрбие процесінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлік, дағдысын дамыту мен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.

Психологиялық ағартудың ең бір көп тараған түрі психологиялық консультация (кеңес беру). Яғни, психолог консультациялық іс-әрекетті бағдар беру, ағартуды, сабақтарда жүзеге асыру. Бұл маманның клиентке кеңесі, нақты бір мәселеге қатысты жиналыс, нақты бір жағдайдағы адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп түсіндіріледі.

□ Психологиялық кеңестің мақсаты мен міндеттері

- Кеңес алушының туындаған мәселесін тез арада шешуге көмек жасау. мәселен, бала мәселесіне байланысты ата ананың ренжісіп қалуы, екі адамның бір біріне ренжуі т.б.
- Бір мәселе қайталана берсе, онда кеңес алушыны психопрофилактикаға шақыру қажет. Мұнда шешімін таба алмай жүрген мәселелерді өздері шешуге талпынады.
- Адамдардың психологиялық білімдерін жетілдіру үшін пайдалы психологиялық кеңестер беріп отыру керек.
- Кеңес алушы бірден табысқа жетпеуі мүмкін, бірнеше рет кеңес алудың нәтижесінде қол жеткізетіндігін түсіндіру.
- Кеңес алушының алғаш келген кездей ойы мен кеңес алғаннан кейінгі ойын салыстыру. Кейбір жағдайда психологтың ойы мен кеңес алушының ойы бір бірімен сәйкес келіп жатады, ал кей кезде мүлдем ашақ болуы мүмкін.
- Кеңес алушының туындаған мәселесіне жеңіл қарамай, оған шын мән беріп шешу керектігіне көз жеткіз.

*Р.С. Немовтың
“Психологиялық кеңес
берудің негізі” атты
кітабында психологиялық
кеңес берудің кезеңдері
мынадай түрлерге бөледі:*

Дайындық кезеңі (20-30). Бұл кезеңде кеңес беруші клиенттің құжатын қарастырып, бар болған мәселе бойынша әдебиеттерді іріктеп, кеңесудің жүргізу жоспарын өңдейді.

*Бағытталу (настроечный)
кезеңі (5-7мин). Клиентпен
кездесіп, қарым-қатынасқа
түседі.*

*Диагностикалық кезең
(60 мин., кейде 4-6-8 сағ.).
Бұл кезеңде клиенттің
тұлғалығына
диагностика жүргізіледі.
Және клиент осы кезеңде
тәубе (исповедь) етеді.*

*Ұсыныстар беру кезеңі
(40-60мин.). Алынған
мәліметтер бойынша мәселені
шешу алгоритмін өңдеп,
клиентпен бірге мәселені шешу
алгоритмін іздестіреді.*


*Бақылау кезеңі (20-30мин.)
Кеңес беруші психолог пен
клиент бірге отырып,
табылған алгоритмді
жүзеге асырудың бақылау
әдістері жайлы келіседі.*

*Егер де құрылымдық компоненттерді интегралдасақ,
онда психологиялық кеңес беру барысын
келесі түрде көрсетуге болады:*


- *Бірінші кезең. Жұмыс басы. Бұл кезеңде клиентпен кездеседі, танысады, қарым-қатынасқа түседі.*
- *Екінші кезең. Мәлімет жинақтау. Бұл кезеңнің мақсаты-клиенттің тұлғалығын диагностикалау (әңгімелеу, бақылау, тестілеу), қасиеттерін анықтау, мәселенің мәнін ашу.*
- *Үшінші кезең. Стратегиялық: Мәселенің мүмкін шешімдерін анықтау, әрекет ету жоспарын келісу, айқындалған жоспарды жүзеге асырудың бақылау әдістерін анықтау.*
- *Төртінші кезең. Клиентпен жоспарды жүзеге асыру. Маманның қатысуынсыз, клиенттің өздігімен орындалады.*



Ұйқысына қарап таны



**Геометриялық
фигуралар**



*Зейін салғандарыңызға
рахмееееееет!!!*

